

**Оқу мақсаты мен сабақ мақсатының айырмашылығы
және олардың өзара байланысы**

(жас мамандарға тәлімгерлік тәжірибе алмасу дәрісі)

Тәлімгер: педагог-шебер Кудерина Ш.А

Ұйымдастырушы:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Л.К Бердакова

Астана қаласы - 2025 ж

Оқу мақсаты мен сабақ мақсатының айырмашылығы және олардың өзара байланысы

Мақсаты:

Жас педагогтердің оқу және сабақ мақсаттарының мәнін, айырмашылығын және өзара байланысын түсінуіне, сонымен қатар оқу үдерісін тиімді жоспарлауда оларды дұрыс қолдана білуіне мүмкіндік беру.

Міндеттері:

1. Оқу мақсаттарының маңызын түсіндіру;
2. Сабақ мақсаттарының ерекшеліктерін талдау;
3. Екеуінің өзара байланысын көрсету;
4. Мақсат қою дағдысын жетілдіру бойынша практикалық мысалдар беру.

Күтілетін нәтиже:

- Оқу мақсаты мен сабақ мақсатының анықтамасын ажырата алады;
- Сабақ мақсатын оқу мақсатына сәйкестендіре алады;
- Нақты, өлшенетін, қолжетімді, нәтижеге бағытталған мақсат қоя алады (SMART қағидаты бойынша).

Жұмыс барысы

Топтық жұмыс

1-топ Құзыретті педагог қандай болу керек?

2-топ Әлем өзгерісі, бала және мұғалім, білім беру стратегиясы

3-топ Мектептегі нормативті құжаттар туралы не білесіздер?

Топ мүшелері ойларын ортаға салып, пікір алмасады.

Кіріспе

- ✓ Тақырыптың өзектілігін түсіндіру;
- ✓ «Мақсат қою» ұғымына жалпы шолу;
- ✓ Қысқа талқылау: «Сабақтағы мақсат не үшін қажет?»

1. Оқу мақсаты дегеніміз не?

- Білім беру бағдарламасында (ортақ құжатта) көрсетілетін күтілетін нәтиже.
- Ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлармен байланыста болады.
- Мысалы: "5.3.2.1 — мәтіндегі негізгі ойды анықтау."

Оқыту мақсаттарының жүйесі

Бағдарламада оқыту мақсаттары қолдануға ыңғайлы болу үшін төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші сан бөлімді, үшінші сан бөлімшені, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді.

Мысалы, химия пәні бойынша

9. 2.1.3 кодында:

1-сан «9» – сынып,

2- сан бөлім «2» - бөлім;

3- сан бөлімше «1» -бөлімше;

4- сан «3» - оқу мақсатының реттік саны. 9.2.1.3 алюминий оксиді мен

гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу;

Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;

Химиялық элементтердің периодтық жүйесі

2. Сабақ мақсаты дегеніміз не?

- Белгілі бір сабақ шеңберінде жүзеге асырылатын, оқу мақсатына жетуге бағытталған нақты қадам.
- Сабақ мақсаты қысқа мерзімді жоспарға енгізіледі.
- Мысалы: *"Оқушылар мәтіндегі негізгі ойды анықтап, дәлел келтіреді."*

3. Айырмашылығы мен өзара байланысы:

Критерий	Оқу мақсаты	Сабақ мақсаты
Мазмұны	Жалпы оқу нәтижесіне бағытталған	Нақты сабақ нәтижесіне бағытталған
Уақыты	Ұзақ мерзімді (бірнеше сабаққа арналған)	Қысқа мерзімді (бір сабаққа арналған)
Деңгейі	Бағдарламалық деңгей	Сабақ деңгейі
Байланысы	Сабақ мақсаты оқу мақсатына жетудің құралы болып табылады	Оқу мақсатына жетуге бағытталған әрекет

Оқу мақсаттары мұғалімге оқу бағыты мен мақсатын анықтауға көмектеседі. Олар оқыту арқылы нақты не нәрсеге қол жеткізу керектігін және қандай дағдылар мен білімдерді меңгеру керектігін көрсетеді. Оқу мақсаттары оқушыларға не істеу керектігін және олардың үлгерімін қалай бағалауға болатынын көрсетеді.

Оқу мақсаттары сабақ мақсаттарына айналдырылады. Мұнда негізінен оқу мақсаттары өзгерілмейді, оларды тек ықшамдауға немесе түсіндіруге болады.

Сабақ мақсаттары оқу мақсаттарының негізінде жасалады. Мұғалім ҰМЖ-да оқу мақсатын қанша сағатқа жоспарланғанына сәйкес негізгі сұрақтарды (оқу мақсатын толығымен немесе бір бөлігін) таңдайды. Әр сабақта 2-3 оқу мақсатын таңдаған дұрыс (алайда барлығы да мұнда КТЖ-ға байланысты: күнтізбелік-тақырыптық жоспарда қанша мақсат көрсетілсе, бір сабақта да сонша мақсат болады).

4. SMART қағидаты бойынша сабақ мақсатын құру

- **S** – Нақты (Specific)
- **M** – Өлшенетін (Measurable)
- **A** – Қолжетімді (Achievable)
- **R** – Нәтижеге бағытталған (Result-oriented)
- **T** – Уақытпен шектелген (Time-bound)

Практикалық мысал:

Оқу мақсаты: 7.2.3.1 – эссе жазу барысында көзқарасын дәлелдер арқылы жеткізу.

Сабақ мақсаты: Оқушылар тақырып бойынша көзқарасын білдіріп, 100–120 сөз көлемінде дәлелді эссе жазады.

III. Практикалық бөлім (15 мин)

- Топтық жұмыс: берілген оқу мақсаттарына сәйкес сабақ мақсаттарын құрастыру.
- Талқылау және кері байланыс.

IV. Қорытынды бөлім (10 мин)

Негізгі түсініктерді бекіту;

«Оқу және сабақ мақсатының байланысы» атты шағын рефлексиялық сұрақтар:

Оқу мақсаты мен сабақ мақсатының байланысы қандай?

Сабақ мақсаты дұрыс қойылмаса, не болуы мүмкін?

Дәрістің әдістері:

- Түсіндірме, сұрақ-жауап, талқылау, топтық жұмыс, мысалдар арқылы үйрету.

Қолданылатын ресурстар:

- Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру мемлекеттік стандарты
- Оқу бағдарламасы (мектеп пәніне қарай)
- Презентация, флипчарт, маркерлер, үлестірімелі материалдар.

Педагог қызметінің нормативтік құқықтық негіздері

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 ж.)

Азаматтардың білім алуға құқығын бекітеді (30-бап).

Мемлекет білім беру саласын қолдауға және дамытуға міндетті.

2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 ж., өзгерістермен)

Білім беру жүйесінің құрылымын, қағидаттарын анықтайды.

Педагогтің құқықтары мен міндеттерін, әлеуметтік мәртебесін белгілейді.

Педагогтердің кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыру тәртібін көрсетеді.

3. «Педагог мәртебесі туралы» Заң (2019 ж.)

Педагогтердің кәсіби беделін арттыруға бағытталған.

Құқықтарын (шығармашылық еркіндік, кәсіби даму, материалдық қолдау) және міндеттерін (оқыту сапасын қамтамасыз ету, этиканы сақтау) нақтылайды.

Артық жүктемеден қорғау, сыйақылар мен әлеуметтік кепілдіктер қарастырылған.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (2015 ж.)

Педагогтердің еңбек қатынастарын, демалыс уақытын, еңбекақысын реттейді.

5. Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары мен ережелері

Білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастыру тәртібін анықтайды (мысалы, үлгілік оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары және т.б.).

Педагогтің құқықтары:

- Оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін еркін тандау;
- Кәсіби дамуға және біліктілікті арттыруға қатысу;
- Қауіпсіз еңбек жағдайын талап ету;
- Әлеуметтік қолдау мен марапатқа ие болу.

Педагогтің міндеттері:

- Білім беру бағдарламаларын сапалы іске асыру;
- Оқушылардың құқықтарын құрметтеу;
- Педагогикалық әдепті сақтау;
- Білім беру саласындағы заң талаптарын орындау.
-
- (https://www.instagram.com/p/DPipMNWDQ3z/?utm_source=ig_web_copy_link)

